

**«Ә.Марғұлан атындағы жалпы білім беру орта мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№5 хаттамасы**

Өткізу мерзімі: 17.08.2020 ж

Өткізу орны: Ә.Марғұлан атындағы жалпы білім беретін орта

Отырыстың басталуы: 11.00

Отырыстың аяқталуы: 11.50

Қатысқандар:

1. Музапарова Ляззат Кулкешевна – жеке кәсіпкер «Музапарова», Кеңес төрағасы
2. Жумагельдинов Мажит Сандыбаевич – «Ағыбай» шаруа қожалығының басшысы, кеңес мүшесі
3. Идрисова Жибек Туяковна – ата-ана, кеңес мүшесі
4. Тұрсынбек Жаңбырбай Қабдоллаұлы – учаскелік полицей, кеңес мүшесі
5. Есмагамбетов Жасулан Тойбекович – Құндыкөл ауылдық округі аппаратының бас маманы, кеңес мүшесі
6. Сулейменов Канат Мукашевич – ата-ана, кеңес мүшесі
7. Игсатова Индира Кайроллаевна – ата-ана, хатшы

Мектеп директоры М.А.Смагулов

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Ж.К.Рахимтаева

Қатыспағандар: 2

Күн тәртібінде:

1. Мектептің карантин уақытындағы 3 ауысым жүйесі.
2. «Мектепке жол» акциясы

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша мектеп директоры М.А.Смагулов сөз алды. Жалпы біздің облысымыз бойынша 183 мектеп шағын жиналталған мектептер штаттық жүйеде оқиды. Яғни мектептегі бала саны 5-180 болған жағдайда. Сондықтан біздің мектепте дайындық басталып кетті. Яғни, ең біріншіден сыныптарда кабинеттік жүйе болмайды. Оқушылар буын бойынша 3 ауысымда оқиды. I ауысымда 5-7 сыныптар, II ауысымда даярлық және 1-4 сыныптар, III ауысымда 8-11 сыныптар. Әр сынып бір кабинетте оқиды. Қатаң санитарлық талаптар сақталуы тиіс. Бетперде, антисептик құралдары болуы керек және бетперделер 2 сағат сайын ауыстырылып отырады. Балалар сабаққа келгенде термометриядан өтеді.

Мектеп оқушыларының барлығы кітаппен қамтамасыз етілген және даярлық сыныптарына оқу дәптерлері де тегін беріледі. Жалпы штаттық режимде оқу бойынша жоспарымыз осындай.

Екінші мәселе бойынша, мектебімізде 1 шілде мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жүргізілуде. Мектебімізде 13 отбасының 30 баласы аз қамтамасыз етілген категорияға жатады. Осы балаларға үкімет тарапынан тегін кеңсе тауарлары мен киімдер беріледі. Мектебімізде жағдайы төмен көп балалы отбасылар, әлеуметтік қорғалмаған балалар бар. Осы балаларға көмек керек. Ауыл әкіміне қайырымдылық көмек көрсету жөнінде мектеп тарапынан қатынас хат жазылды. Мектебіміздің ұстаздары да өз үлестерін қосуда.

Шешім:

1. Карантин уақытындағы мектептің 3 ауысым жүйесінде санитарлық талаптар қатаң сақталсын.
2. «Мектепке жол» акциясы бекітілген жоспарға сай өз жұмысын жалғастырсын.

Мектеп директоры:  М.А. Смагулов
Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Л.К. Музапарова
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:  И.К. Игсатова



Өткізу мерзімі: 17.09.2020 ж.

Өткізу орны: «Ә.Марғұлан атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Отырыстың басталуы: 11.00

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің мүшелері: 10 адам

Музапарова Л.К., Акимбекова А.А., Тұрсынбек Ж.К., Жумагельдинов М.С.,

Аденова Т., Идрисова Ж.Т., Есмагамбетов Ж.Т., Сулейменов К.М., Мукушев М.С.,
Игсатова И.К.

Шақырылғандар: Мектеп директоры Смагулов М.А., директордың орынбасарлары
Енсебаева А.М., Букирова Г.С.

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығымен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерін жылдық жоспарымен таныстыру.

Тыңдалды:

Музапарова Л.К.


Өз сөзінде, ең алдымен, Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңес құрамына осы азаматтарды шақырамыз. Қамқоршылық кеңес – білім беру ұйымдарында алқалы орган болып табылады және оның қызметін және дамуын қамтамасыз етуге ықпал жасау мақсатында құрылады. Қамқоршылық кеңестің құрамына: Жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының, коммерциялық емес ұйымдардың, жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестер өкілдері, қайырымдылық жасаушылар тағайындалады. Қамқоршылық кеңесі мектептегі балалардың қажетіне пайдаланылатын материалдық жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға қолдау және мектепке материалдық көмек көрсету үшін құрылады. Қамқоршылық кеңес ұйымына барлығымыз бірлікте атсалысып, отбасы мен мектептің байланысын күшейтуіміз керек, сонда ғана біз жақсы нәтижеге жетеміз.

2. 2020-2021 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітіліп, жаңа оқу жылының жұмыс жоспары ұсынылды.

Қаулы:


1. Музапарова Л.К.- Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, Игсатова И.К. хатшы болып тағайындалсын.
- 2.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
- 3.Қамқорлық науқандары ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:



Л.К.Музапарова

Хатшы:



И.К.Игсатова

Қашықтан өткен мектеп директорының ата-аналар алдында беру жиналысының

№8 хаттамасы

Өткізу мерзімі: 17.10.2020 ж

Өткізу орны: Ә.Марғұлан атындағы жалпы білім беретін орта мектеп.

Отырыстың басталуы: 17.00

Отырыстың аяқталуы: 17.50

Қатысқандар:

1. Музапарова Ляззат Кулкешевна – жеке кәсіпкер «Музапарова», Кеңес төрағасы
2. Акимбекова Айнур Азатбековна – ата-аналар комитетінің төрайымы, кеңес мүшесі
3. Тұрсынбек Жаңбырбай Қабдоллаұлы – учаскелік полицей, кеңес мүшесі
4. Жумагельдинов Мажит Сандыбаевич – «Ағыбай» шаруа қожалығының басшысы, кеңес мүшесі
5. Аденова Тулеутай Олжиновна – Құндыкөл ауылдық дәрігерлік амбулаториясының бас дәрігері, кеңес мүшесі
6. Идрисова Жибек Туяковна – ата-ана, кеңес мүшесі
7. Есмагамбетов Жасулан Тойбекович – Құндыкөл ауылдық округі аппаратының бас маманы, кеңес мүшесі
8. Сулейменов Канат Мукашевич – ата-ана, кеңес мүшесі
9. Игсатова Индира Кайруллаевна – ата-ана
10. Абдуллина Л.З.-хатшы

Күн тәртібінде:

1. Бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды жөнінде есеп беру.
2. Санитарлық талаптардың орындалуы.

Тыңдалды:

Мектеп директорының міндетін атқарушы Айгуль Максutowна Енсебаева: Құрметті ата-аналар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 29-тармағын орындау мақсатында бейнеконференц байланысы арқылы өздерінізбен жүздесіп отырмыз. Әр тоқсан сайын мектепшілік ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, мемлекет

тарапынан мектепке бөлінген қаражаттың қайда жұмсалып жатқаны жайында есеп беріп отыратынымызды білесіздер. Өз басым бұл іс –шара мектеп пен ата-аналар арасын жақындатып, білім беру мекемелерінің ашықтығын қамтамасыз етеді деп ойлаймын.

Мектепте ақша жинауға тиым салу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша 2018 жылдың 31 № 309 бұйрығы шығарылып «Сенім жәшігі» орналастырылған және 87184064107 нөмірлі «Сенім телефоны» қызмет етеді. «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонына» келіп түскен ақпараттар мен өтініштерге жауапты комиссия құрылған.

Ә.Марғұлан атындағы жалпы орта білім беретін мектептің жобалық сиымдылығы 500 орын. Өртке қарсы құрал – жабдықпен қамтылған. Бейнебақылау, дабылқаққыш орнатылған.

2019-2020 оқу жылында жалпы жөндеу жұмыстарына 800000 теңге . Бұл ақша жылдағыдай өтетін ағымды жөндеу жұмыстарына, дәретханаларды жаңадан жабыдықтауға жұмсалды.

Өткен оқу жылы бойынша балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге бөлінді. Оның ішінде 1-4 сыныптар 24оқушы, 55 аз қамтылған оқушы ыстық тамақпен қамтылған.

Жыл сайынғы «Қамқорлық» акциясы аясында мектептің әлеуметтік жағдайы төмен 20 оқушысына көмек көрсетілді. Биыл “Мектепке жол” акциясы 01.07 2020 -30.09 2020 аралығында өтті. Рейд жүргізу арқылы акция басында көмек қажет ететін оқушыларды анықтап, аудандық оқу бөліміне тізімі тапсырылды. Аз қамтылған отбасы саны-13, осы отбасылардағы оқушылар саны-30 оқушы. Мектеп әкімшілігі қатынас хат арқылы демеушілерге шығып, олар жасаған демеушілік қоры-115000 теңгені құрады. Осы соммаға аяқ киім, кеңсе тауарлары, спорттық аяқ киімдер, мектеп формасы, маскалар алынды және таратылды. Енді осы оқушылар мемлекеттік әлеуметтік пакетпен қамтылды, оның ішінде кеңсе тауарлары, мектеп формасы, спорттық киім, кроссовки, қысқы куртка (кеңсе тауарлары комплект 8000 теңге құрайды, мектеп формасы 17000, спорт формасы оған қоса кроссовки берілді.

Ұсыныс:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу жұмыстары күшейтілсін және үнемі назарда ұсталсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:

Л.К.Музапарова

Л.З.Абдуллина

Қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 1 хаттамасы

Өткізілген күні: «06» қаңтар 2021 ж.

Қатысқандар: 9

Күн тәртібі:

1. Мектеп директоры М.А.Смагуловтың 2019-2020 оқу жылының I жартыжылдық есебі.
2. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 29-тармағын орындау мақсатында мемлекет тарапынан бөлінген қаражаттың қайда жұмсалып жатқаны жайында есеп беру.
3. II жартыжылдық сабақ кестесін бекіту.

Тыңдалды:

1.Мектеп директоры М.А.Смагулов 2020-2021 оқу жылының

I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті.

2.Екіншіден, күн тәртібіндегі кезекті мәселе бойынша мектеп директоры М.А.Смагулов Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 29-тармағын орындау мақсатында мемлекет тарапынан бөлінген қаражаттың қайда жұмсалып жатқаны жайында есеп берді. Мектепте ақша жинауға тиым салу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша 2018 жылдың 31 мамырдағы № 309 бұйрығы шығарылып «Сенім жәшігі» орналастырылған және 87184064107 нөмірлі «Сенім телефоны» қызмет етеді. «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонына» келіп түскен ақпараттар мен өтініштерге жауапты комиссия құрылған. Ә.Марғұлан атындағы жалпы орта білім беретін

мектептің жобалық сиымдылығы 500 орын. Өртке қарсы құрал –жабдықпен қамтылған. Бейнебақылау, дабылқаққыш орнатылған.

Жыл сайынғы «Қамқорлық» акциясы аясында мектептің әлеуметтік жағдайы төмен 20 оқушысына көмек көрсетілді. Биыл оқу жылында “Мектепке жол” акциясы 01.07 2020 -30.09 2020 аралығында өтті. Рейд жүргізу арқылы акция басында көмек қажет ететін оқушыларды анықтап, аудандық оқу бөліміне тізімі тапсырылды. Аз қамтылған отбасы саны-13, осы отбасылардағы оқушылар саны-30. Мектеп әкімшілігі қатынас хат арқылы демеушілерге шығып, олар жасаған демеушілік қоры-115000 теңгені құрады. Осы соммаға аяқ киім, кеңсе тауарлары, спорттық аяқ киімдер, мектеп формасы, маскалар алынды және таратылды. Енді осы оқушылар мемлекеттік әлеуметтік пакетпен қамтылды, оның ішінде кеңсе тауарлары , мектеп формасы, спорттық киім, кроссовки, қысқы куртка (кеңсе тауарлары комплект 8000 теңге құрайды, мектеп формасы 17000, спорт формасы оған қоса кроссовки) берілді.

Эпидемиологиялық жағдайға байланысты осы оқу жылындағы І жартыжылдықта ыстық тамақпен оқушылар қамтылған жоқ. Жаппай білім қорынан ыстық тамаққа берілетін қаржыға (қыркүйек, қазан айларының) көмекке мұқтаж көп балалы, әлеуметтік қорғалмаған отбасы оқушыларына (20 бала) қысқы, күзгі аяқ киім мен сыртқы курткалар берілді. Сонымен қатар, мектепке келген 29 ноутбук пен 8 планшет аз қамтылған, көп балалы және әлеуметтік қорғалмаған отбасы оқушыларына таратылды.


3. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.М.Енсебаева қамқоршылық кеңесі мүшелерін ІІ жартыжылдыққа жасалған 5 күндік сабақ кестесімен және онда болған өзгерістермен таныстырып өтті. Жалпы мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен, сынып жетекшілермен жаңадан құрылған сабақ кестесінің сипатын зерделей келе, осындай шешімге келгенін айта кетті. Бұл құрылған кесте оқуға ыңғайлы етіп құрылған. Әр екі сабақтан соң оқу кабинеті залалсыздандырылып, ылғалды тазалау жұмыстары ұйымдастырылып отырады. Үзіліс уақытында әр сынып оқушылары жеке , басқа сынып оқушыларымен қарым-қатынасқа түспейді. Олардың үзіліс уақытындағы сергіту сәттерінің жеке кестесі құрылып, оған жауапты адамдар бекітілген. Бірінші ауысымда 5-11 сыныптар оқиды, бастауыш 1-4-сыныптар түстен кейін оқытылатын болады. Факультатив сабақтары 8-11- сыныптарда түстен кейін өтеді. Факультатив өтетін оқу кабинеті жеке қарастырылған, санитарлық талаптарға сай. Барлық ережелер ескерілген. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ұсынылған жаңа 5 күндікке арналған сабақ кестесін

құптап, санитарлық талаптың барлығы ескерілгенін байқап, өз келісімдерін берді.

Шешім:

1. Мектеп директорының М.А.Смагуловтың I жартыжылдық жұмысы мақұлдансын.
2. Мектеп директоры М.А.Смагуловтың «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 29-тармағын орындау мақсатында мемлекет тарапынан бөлінген қаражаттың қайда жұмсалып жатқаны жайында берген есебі ескеріліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу жұмыстары күшейтіліп және үнемі назарда ұсталсын.
3. 2020-2021 оқу жылының II жартыжылдығына құрылған 5 күндік сабақ кестесі бекітілсін, оқу-тәрбие жұмысы осы кесте бойынша жүзеге ассын.

Төрайым: Музапарова Л.К.



Хатшы: Абдуллина Л.З.

